



Смаилова Жанар Утегеновна
**«Психология және коррекциялық педагогика» кафедрасының сениор-
лекторы, психология магистрі**

Смаилова Ж.У. 1987 жылы Ілияс Жансүгіров атындағы Талды-Қорған педагогикалық институтын «Педагогика және психология» мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірді. 2013 жылы толық магистратура курсы аяқтады, онда Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының шешімімен 6М050300 – «Психология» мамандығы бойынша әлеуметтік білім магистрі академиялық дәрежесі берілді. 2020 жылы Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде «Дефектология» мамандығы бойынша екінші жоғары білімді алды.

2009 жылдан қазіргі уақытқа дейін Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің психология және коррекциялық педагогика кафедрасында сениор-лекторы қызметін атқарып, ғылыми-педагогикалық қызмет атқаруда. 1987-2009 жылдар аралығында Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінде аға оқытушы, "Эхо полигон" әйелдер федерациясы ҚБ гранттық жобалардың бағдарламалық үйлестірушісі (Қазақстандағы Еуропалық Комиссияның Өкілдігі, Каунтерпарт консорциумы, ЮНИСЕФ, ШҚО ДВП), Жастарды әлеуметтік-психологиялық бейімдеу орталығының (Семей қ.) психолог-кеңесші болып жұмыс істеді.

Біліктілікті арттыру және ғылыми тағылымдамалардан өтуі: 2013 жылы «Л.А. Новикова атындағы клиникалық электроэнцефалография және нейрофизиология мектебінде» (Мәскеу қ.) «ЭЭГ талдау және диагностикалық интерпретация» клиникалық ЭЭГ курсынан өтті. 2015 жылы «Өрлеу» Біліктілікті Арттыру Ұлттық орталығының және Intamt халықаралық менеджмент және технологиялар академиясының (Алматы қ., Дюссельдорф қ.) жанындағы «Германия университеттерінде тәжірибеге бағдарланған оқытудың инновациялық әдістері мен технологиялары» бағыты бойынша тағылымдамадан өтті. 2014-2020 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытуға жетекшілік ететін ұйымдарда, мысалы Арнайы және инклюзивті білім беруді дамыту ҰҒПО, Абай атындағы ҚазҰПУ жоғары оқу орындары үшін инклюзивті білім беру жөніндегі республикалық ресурстық консультациялық орталық, «Барлығына арналған мектеп» ҚБҚ (Алматы қ.) сияқты инклюзивті білім беру бағыты бойынша біліктілігін арттырды.

2009 жылдан бастап Смаилова Ж.У. Өскемен қаласы мен Шығыс Қазақстан облысы ұйымдарында оқытушылық және жаттықтырушылық жұмыстардың бай тәжірибесін жинақтады: «ШҚО ХҚКО» РРУ, ШҚО Дін мәселелері департаменті, ШҚО облыстық кәсіподақтар кеңесі, «УК тепловые сети» АҚ, «Өскемен Водоканал» КМК, «Конденсатор зауыты» АҚ, Семей қаласының кәсіподақ ұйымдары, ШҚО сот. Бірнеше жыл бойы Оқушылардың шығармашылық сарайы мен Жас техниктер станциясы (Өскемен қ., 2016 жылдан бастап) базасында ұйымдастырылған қосымша білім беру педагогтерінің біліктілігін арттырудың республикалық курстарының, ШҚО білім басқармасының «Шығыс» өңірлік орталығының (Өскемен, Семей, Риддер қк, ШҚО аудан орталықтары, 2019 жылдан бастап). Педагогтар мен мамандардың біліктілігін арттыру курстарының дәріскері болды. 2019 жылдан бастап «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» РМҚК ШҚО бойынша филиалының дәріскері.

Смаилова Ж.У. пәндерді оқытады: Инклюзивті білім беру, Инклюзивті мектептегі дефектологтың қызметі, Нейропсихология негіздері, Нейродиагностика және нейрокоррекция нейропсихология негіздерімен, Психокоррекция негіздері, Тьюторлық қызмет психологиясы, Психикалық денсаулық. Смаилова Ж.У. ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысады, 30-дан астам ғылыми мақалалар мен бірқатар оқу-әдістемелік құралдар жарияланды.